



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH  
NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ЭКОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

# ВЕСТНИК

СЕРИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ

# BULLETIN

ECOLOGY SERIES



# ХАБАРШЫ

ЭКОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ №4 (49)



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық көлім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

*Журнал жылдан 4 рет жарыққа шыгады*

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Жапаркулова Н., б.ғ.к., оқытушы (Қазақстан)  
+7 775 290 8339  
E-mail: journalecologykaznu@gmail.com

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Заядан Б.К., профессор (ғылыми редактор) (Қазақстан)  
Скакова А.А., г.ғ.к. (ғылыми редактордың орынбасары) (Қазақстан)  
Жубанова А.А., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Шалахметова Т.М., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Айташева З.Г., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Бигалиев А.Б., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Канаев А.Т., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Наурызбаев М.К., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Сальников В.Г., г.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Тулеуханов С.Т., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Колумбаева С.Ж., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Кенжебаева С.С., д.б.н., профессор (Қазақстан)  
Омирбекова Н.Ж., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Мухитдинов Н.М., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Ященко Р.В., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Нюсупова Г.Н., г.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Жамбакин К.Ж., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Джансугурова Л.Б., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Джусупова Д.Б., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Юшков А.В., ф.-м.-д., профессор (Қазақстан)  
Курманбаев А.А., б.ғ.д. профессор (Қазақстан)  
Zhaodong (Jordan) Feng, PhD доктор (Қытай)  
Swiecicka Izabela, PhD доктор, профессор (Польша)  
Tinia Idaty Mohd Ghazi, PhD доктор (Малайзия)  
Quazi Mahtab Zaman, PhD доктор (Шотландия)  
Лось Д., б.ғ.д., профессор (Ресей)  
Абильев С.К., б.ғ.д., профессор (Ресей)  
Маторин Д., б.ғ.д., профессор (Ресей)  
Рахман Е., PhD докторы, профессор (Қытай)  
Копески Ж., PhD докторы, профессор (Чехия)  
Торегожина Ж.Р., х.ғ.к. (Қазақстан)  
Баубекова А.С., б.ғ.к. (Қазақстан)  
Ерназарова А.К., б.ғ.к. (Қазақстан)  
Маммадов Р., PhD докторы (Түркция)  
Шмелев С., PhD докторы (Англия)  
Дигель И., PhD докторы (Германия)  
Конуспаева Г.С., PhD докторант (Қазақстан)



## Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова  
Телефон: +77017242911  
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

## Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

## Компьютерде беттеген

Айгул Алдашева

## Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мөлдір Өміртақызы  
Телефон: +7(727)377-34-11  
E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

## ИБ № 10198

Басыға 05.12.2016 жылы кол койылды.  
Пішімі 60x84 ¼, Көлемі 19 б.т. Оффсетті қағаз.  
Сандық басылыш. Тапсырыс №5456. Таралымы 500 дана.  
Багасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында  
басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

**Биология ғылымдарының докторы, профессор  
Нұртазин Сабыр Теміргалиұлының 70 жылдығына арналған  
«БИОАЛУАНТУРЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ БИОРЕСУРСТАРДЫҢ  
ТҮРАҚТЫ ПАЙДАЛАНЫЛУЫН  
ЗЕРТТЕУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ» атты  
халықаралық ғылыми конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

---

**МАТЕРИАЛЫ**  
международной научной конференции  
**«ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ И СОХРАНЕНИЯ  
БИОРАЗНООБРАЗИЯ И УСТОЙЧИВОГО  
ИСПОЛЬЗОВАНИЯ БИОРЕСУРСОВ»,**  
посвященной 70-летию доктора биологических наук, профессора  
**Нуртазина Сабира Темиргалиевича**

---

**MATERIALS**  
of International Scientific Conference  
**“PROBLEMS OF BIODIVERSITY CONSERVATION STUDY AND  
SUSTAINABLE USE OF BIORESOURCES”**  
devoted to the 70th Anniversary  
of Dr. Sci. Biol., Professor Nurtazin Sabyr Temirgalievich

3-бөлім

**БИОЛОГИЯЛЫҚ  
АЛУАНТУРЛІКТІ САҚТАУДЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

---

Раздел 3

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ  
СОХРАНЕНИЯ  
БИОЛОГИЧЕСКОГО РАЗНООБРАЗИЯ**

---

Section 3

**ACTUAL PROBLEMS  
OF BIODIVERSITY CONSERVATION**

Есжанов Б.Е.,  
Тыныбеков Б.М.,  
Баймурзаев Н.Б.,  
Шарахметов С.Е.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Сарыарқа өлкесінің  
кейбір тауларындағы  
сүткоректілердің ауантурлілігі  
және олардың орналасу  
ерекшеліктері**

Eszhanov B.E.,  
Tupymbekov B.M.,  
Baymurzayev N.B.,  
Sharakhmetov S.E.

Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty

**The diversity of mammals  
and their distribution in some  
mountains of Kazakh Upland**

Есжанов Б.Е.,  
Тыныбеков Б.М.,  
Баймурзаев Н.Б.,  
Шарахметов С.Е.

Казахский национальный  
университет им. аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы

**Разнообразие млекопитающих  
и особенности  
их распределения в некоторых  
горах Казахского  
мелкосопочника**

Мақалада Сарыарқа өлкесінің кейбір тау жоталарында (Арганаты, Ұлытау, Ортау, Ақтау және Қызыларай) мекендейтін сүткоректілердің ауантурлілігі және олардың жеке тау жоталары бойынша кездесу ерекшеліктері баяндалған. Зерттеу жұмыстары бұл тауларда териофаунаның түрлік құрамы әртүрлі болатынын көрсетті. Сүткоректілердің 41 түрі есепке алынды. Бұл шамамен Орталық, Қазақстанда кездесетін сүткоректілердің (n=89) 46%-н құрайды. Оның ішінде Арганаты тауында жаз айларында териофаунаның – 14, Ұлытауда – 12, Ортауда – 16, Ақтауда – 17, Қызыларайда – 27 түрінің мекендейтіні анықталды. Олардың түрлік үлесі де түрліше. Мысалы, Арганаты тауында барлық, есепке алынған сүткоректілердің – 16,3%, Ұлытауда – 13,9, Ортауда – 18,6, Ақтауда – 19,8, Қызыларайда – 31,4% кездеседі. Түрлік құрамында да үқастықтық бар. Fauna құрамының үқастығы батыстан шығысқа қарай азая береді. Үқастық, коэффициенттері жоғары қорсеткіш Ортау мен Ақтау және Ұлытау мен Арганаты тауларында мекендейтін сүткоректілер арасында байқалады. Ал шығыста орналасқан Қызыларай тауының сүткоректілер фаунасы мен батысқа қарай орналасқан таулардың териофаунасының үқастығындағы айырмашылықтар біршама айқын. Зерттелген тау жоталарында мекендейтін сүткоректілердің арасында сирек кездесетін 13 түр бар. Олар осы тауларда мекендейтін сүткоректілердің (n=41) 31,7%-ын құрайды.

**Тұйин сөздер:** Сарыарқа, Орталық, Қазақстан, сүткоректілер, ауантурлілік, үқастық, коэффициент, сирек кездесетін түрлер.

In this article the results of investigations concerning the diversity of mammals in some mountains (Arganaty, Ulytau, Ortau, Aktau and Kyzylaray) of Kazakh Upland and peculiarities of their distribution in these areas are represented. Based on study results it was shown, that there is different theriofauna composition in different mountains. There were identified 41 species of mammals. This represents approximately 46% of animals in Central Kazakhstan (n=89). Among them in Arganaty in summer season 14 species dwell, in Ulytau – 12, Ortau – 16, Aktau – 17 and Kyzylaray – 27 species of theriofauna dwell. The proportion of species is also variable. For example, in Arganaty – 16,3% of species, Ulytau – 13,9%, Ortau – 18,6%, Aktau – 19,8%, Kyzylaray – 31,4% of all mammals species were identified. There is also the similarity in species composition. The similarity in fauna composition decrease from west to east. Indices of similarity rate of mammal's fauna are higher in Aktau and Ortau, as well as in Ulytau and Arganaty Mountains. There was recorded the highest range in fauna similarity of mammals dwell in Kyzylarai mountain and in the areas to the west of it. In mountains, where investigations were preformed, there were recorded 13 rare species of mammals. They do constitute about 31,7% (n=41) of theriofauna.

**Key words:** Kazakh Uplands, Central Kazakhstan, mammals, diversity, similarity coefficient, rare species.

В данной статье приведены результаты исследования по выяснению разнообразия млекопитающих в некоторых горных массивах (Арганаты, Улытау, Ортау, Ақтау и Қызыларай) Казахского мелкосопочника и особенности распространения их в отдельных вышеуказанных горах. Результаты исследования показывают, что в отдельных горах видовой состав териофауны разный. В этих горах учтен 41 вид млекопитающих. Это составляет примерно 46% зверей, встречающихся в Центральном Казахстане (n=89). В том числе в горах Арганаты в летние месяцы обитают 14 видов, в Улытау – 12, Ортау – 16, Ақтау – 17 и в Қызыларай – 27 видов териофауны. Доля видового состава также различна. Например, в горах Арганаты встречаются 16,3% видов, в Улытау – 13,9, Ортау – 18,6, Ақтау – 19,8, в Қызыларай – 31,4% видов от общего количества млекопитающих. Сходства состава фауны уменьшается с запада на восток. В горах, где проводили исследования, встречаются 13 редких видов млекопитающих. Они составляют около 31,7% (n=41) териофауны.

**Ключевые слова:** Казахский мелкосопочник, Центральный Казахстан, млекопитающие, разнообразие, коэффициент сходства, редкие виды.

**САРЫАРҚА  
ӨЛКЕСІНІҢ КЕЙБІР  
ТАУЛАРЫНДАҒЫ  
СҮТҚОРЕКТІЛЕРДІҢ  
АЛУАНТУРЛІЛІГІ ЖӘНЕ  
ОЛАРДЫң ОРНАЛАСУ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Kіріспе**

XX ғасырдың сонынан бастап XXI ғасырда жалғасын тапкан биология гылымдарының алдында тұрган басты мәселелердің бірі – ол биологиялық алуантүрлілікті, соның ішінде жануарлар алуантүрлілігін сақтау болып табылады. Жануарлар алуантүрлілігін зерттеу белгілі бір аумақтың фаунасының сапалық (түрлік құрамы) және сан мөлшерінің динамикасын жан-жақты білуге көмектеседі. Жануарлардың кез келген түрі табиғи терриориялық кешендердің түрлі факторларының әсерінен өзгеріске ұшырауды анықтауға болатын биоиндикатор болып табылады.

Қазіргі кезде жануарлардың алуантүрлілігі жайында бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізілп, олардың нәтижелері түрлі халықаралық, респубикалық гылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдарында жариялануда. Десе де, кең байтақ Қазақстанның әртүрлі аймақтарында мұндай зерттеулер әлі де болса өз деңгейінде жүргізілмейді. Тіпті көпшілік мамандарға белгілі «Млекопитающие Казахстана» монографиясында Сарыарқа өлкесіне, әсіресе ондағы тау жоталарына тән сүтқоректілер жайындағы деректер өте шектеулі [1]. Ал кейіннен жарияланған еңбектерде [2,3] Сарыарқаның териофаунасы біршама зерттелгенімен, ондағы мәліметтер жалпылама түрде бұқіл өлкे бойынша қарастырылған. Тек соңғы жылдары жарияланған кейбір жұмыстарда гана [4] жекелеген тау жоталарында мекендейтін сүтқоректілердің нақтылы жағдайы туралы деректер көлтірілген. Ал жекелеген участекелер үшін ол жерлерде тұракты мекендейтін немесе жылдың белгілі бір маусымдарында кездесетін териофаунаның түрлері жайында білудің теориялық әрі практикалық маңызы зор.

Жұмыстың мақсаты – Сарыарқа өлкесінің кейбір тау жоталарында мекендейтін сүтқоректілердің алуантүрлілігін және олардың орналасуын зерттеу. Зерттеу нәтижесінде алғашкы рет аталған аумақтың жекелеген тауларындағы сүтқоректілердің түрлік құрамы, олардың орналасу ерекшеліктері және зерттеу жұмыстары жүргізілген таулардағы териофауна құрамының үқсастық дәрежесі анықталды. Ұсынылып отырған макалада әр

жылдары (1993, 2003, 2013 ж.) маусым-тамыз айларында жүргізілген әртүрлі экспедициялар кезінде жиналған сұткоректілердің алуантурлілігі мен олардың орналасуы жайындағы мәліметтер келтірілген. Бұл жылдардағы жаз айларының климаттық жағдайлары әртүрлі болуына қарамастан кездестірілген жануарлардың басым көпшілігінің зерттелген тау жоталарында тұрақты мекендейтіні анықталды.

### Материалдар мен зерттеу әдіс-тәсілдері

Мақалаға негіз болған материалдар жоғарыда көрсетілген жылдары Сарыарқа өлкесінің онтүстік-батысында орналасқан Ұлытау мен Арганаты тау жоталарында, өлкениң орталығындағы Ортау мен Ақтау және шығысина қарай орналасқан Қызыларай тауларында жиналды.

Санақ және бақылау жұмыстарын жүргізу үшін 550 км-ден аса автокөлік және жаяу жүру маршруттары жүзеге асырылды. Әр түнге 100 ұстагыш құралдары (темір және ағаш қақпандар, түрлі цилиндрлер) койылды және 100-ден аса түрлі майда сұткоректілер ауланып, оларға то-лықтай морфологиялық және биологиялық талдаулар жасалды. Бұлардан басқа жай көзбен карау, сұрап-жаяуп әдістері бойынша алынған мәліметтер пайдаланылды.

Майда сұткоректілердің санын анықтау, аулау және ауланғандарды өндөу зоологиялық зерттеулерде қолданылатын ғалымдар мояйындаған тәсілдерге сүйеніп жасалынды [5]. Қосаяқтар мен тіршілігі түнде белсенді болатын баска да сұткоректілердің санын есепке алу негізінен 2 әдісті – түнгі маршрутта есептеу және белгілі бір ауданда не маршрутта түрлі құралдарды пайдалану арқылы аулау әдістес-рін қолданумен жүргізілді [6,7]. Бұлардан басқа жануарлардың өзін немесе олардың тіршілік әрекеттерін (ин, баспанасы, экскременттері, корегінің қалдықтары және т.б.) бақылау нәти-желері далалық құнделікке тіркелді. Әртүрлі аймақтарда (біздің мысалымызда, тау жоталары) кездескен сұткоректілердің фаунистикалық топтарын салыстыру үшін Жаккардың фаунистикалық ұқсастық индексі пайдаланылды.

### Алынған нәтижелер және оларды талдау

Сарыарқа өлкесінің териофаунасы біршама бай (Қазақстанда кездесетін сұткоректілердің n=178-180) 48-50%-н құрайды) және әралуан. Өлке териофаунасы Н.Т. Ержановтың пікірінше [2] шығу тегі, пайда болу жасы бойынша әртүрлі

туындылар болып табылады. Құрамы жағынан жергілікті формалармен қатар, Еуропаның неморалды (жалпақ жапырақты) ормандарынан, Оңтүстік Орал мен Алтау тауларының бореалды ормандарынан, Байкалсырты далаларынан, Монголия мен Орта Азия шөлдерінен, Орталық Азияның таулы аймақтарынан өткен түрлерден тұрады. Осыған орай, Сарыарқа өнірінде мекендейтіп әрі кездесетін сұткоректілер фаунасы алуантурлі және әр тау жоталары үшін олардың орналасуында да ерекшеліктері бар. Өйткені Сарыарқа өлкесі таулы аймақтан жазыққа қарай орналасқан өтпелі өлке болып табылады. Осыған орай оның ұсақ шокылары күрделі геоморфологиялық жүйені, яғни ландшафттардың әртүрлі типтерін құрайды. Ол төбелі және шоқылы болып орналасқан аласа тау жоталарының көптігімен, климатының күрт континенталдығымен, табиғи терриориялық кешендерінің шөлділігімен, күн сөулесі мен жылудың көптілігімен, атмосфералық ылғалдылықтың жетіспеушілігімен, гидрографикалық жүйелердің нашар дамуымен, топырак типтерінің, өсімдіктер қауымдастырының және жануарлар әлемінің алуантурлілігімен сипатталады [2]. Десе де Сарыарқа өлкесінің тау жоталарының жалпы ортақ сипаттамасымен қатар өздеріне тән физико-географиялық ерекшеліктері болатыны белгілі. Осыған орай, бұлардың фаунасының түрлік алуандылығы ерекше. Түрлі авторлардың зерттеу жұмыстары [1,2,3,4] Орталық Қазақстан тери-ториясында сұткоректілердің қазіргі фаунасы 89 реценттік түрден, олардың ішінде Насеком-коректілер 9 түр, Колқанаттылар 13 түр, Қоян-тәрізділер – 5, Кеміргіштер – 45, Жыртқыштар – 11 және Жұптуяқтылар 6 түрден тұратындығын көрсетеді.

Біздің зерттеу жұмыстарын жүргізген тау жоталарының өзінде де сұткоректілердің түрлік құрамы да және орналасуы да түрліше болатыны белгілі болды (1-кесте).

Аталған тау жоталарында, жаз айларында, сұткоректілердің 41 түрі есепке алынды. Бұл шамамен Орталық Қазақстанда кездесетін сұткоректілердің (n=89) 46%-н құрайды. Әрине бұл көрсеткіш соңғы сан емес, өйткені майда сұткоректілердің түрлік құрамын анықтау үшін жылдың әр маусымдарында зерттеу жұмыстарын жүргізген жөн.

Осы тау жоталары және олардың жануарлары жайында қысқаша мәліметтер келтірейік:


Тау жоталарындағы жануарлардың систематикалық топтарының кездесу үлесі де әр алуан (1-сурет).

**1-кесте** – Сарыарка өлкесінің кейбір тау жоталарындағы сұткоректілердің алуантүрлілігі (маусым-тамыз айлары)

Сұткоректілердің атаулары	Тау жоталары				
	Арганаты	Ұлығтау	Ортау	Ақтау	Қызыларай
1	2	3	4	5	6
<i>Насекомжоректілер отряды – Insectivora</i>					
Су жертесері – <i>Neomysfodiens</i>	-	-	-	-	+
Кіміл ақтісті жертесер – <i>Crocidurasuaveolens</i>	+	+	-	-	-
<i>Қолқанаттылар отряды – Chiroptera</i>					
Сұрқұлак жарқанат – <i>Plecotusaustriacus</i>	-	-	+	+	-
Мұртты жарқанат – <i>Myotismystacinus</i>	-	+	-	-	-
Ертежейлі жарқанат – <i>Pipistrelluspipistrellus</i>	-	-	-	-	+
<i>Кемірғаштер отряды – Rodentia</i>					
Орман қаптесері – <i>Sylvaemussylvaticus</i>	-	+	+	-	+
Үй қаптесері – <i>Musmusculus</i>	-	-	-	-	+
Қызыл тоқалтіс – <i>Clethrionomysrutilus</i>	-	-	-	-	+
Су тоқалтісі – <i>Arvicolaterrestris</i>	-	+	-	+	+
Жалпақbastы тоқалтіс – <i>Alticolastrelzowi</i>	-	-	+	+	+
Табанды тоқалтіс – <i>Microtussocialis</i>	-	+	+	+	+
Кәдімгі тоқалтіс – <i>Microtusarvalis</i>	-	-	+	+	-
Сүйірбас тоқалтіс – <i>Microtusgregalis</i>	-	-	-	-	+
Эверсман атжалманы – <i>Allocricetulusversmanni</i>	+	+	+	+	-
Сұр атжалман – <i>Cricetusmigratorius</i>	-	-	-	-	+
Тақылдағыш қосаяқ – <i>Stylocipustelum</i>	-	-	+	+	-
Үлкен қосаяқ – <i>Allactaga major</i>	-	-	-	+	-
Секірғіш қосаяқ – <i>Allactagasicirica</i>	-	-	+	+	+
Кіші сарышұнақ – <i>Spermophiluspygmaeus</i>	+	+	-	-	-
Зорман (сары сарышұнақ) – <i>Spermophilusfulvus</i>	+	+	-	-	-
Қызылұрт сарышұнақ – <i>Spermophiluserythrogenus</i>	-	-	-	-	+
Дала алакоржыны – <i>Laguruslagurus</i>	-	-	-	+	-
Сұр суыр – <i>Marmotabaiabacina</i>	-	-	-	-	+
Кәдімгі соқыртышкан – <i>Ellobiustalpinus</i>	+	+		+	-
<i>Қоянтарізділдер отряды – Lagomorpha</i>					
Ақ қоян – <i>Lepustimidus</i>	+	+	+	+	+
Дала шакылдағы – <i>Ochotonapusilla</i>	+	-	-	+	-
Монгол шакылдағы – <i>Ochotonapallasi</i>	-	-	-	-	+
<i>Жыртқыштар отряды – Carnivora</i>					
Қарсақ – <i>Vulpescorsac</i>	+	-	+	+	+
Тұлкі – <i>Vulpesvulpes</i>	+	-	+	+	+
Қасқыр – <i>Canis lupus</i>	+	-	-	-	+
Сілеусін – <i>Lynx lynx</i>	-	-	-	-	+
Сабанишы – <i>Felismanul</i>	-	-	-	-	+
Сасық күзен – <i>Mustelaaversmanni</i>	+	-	-	-	-
Борсық – <i>Melesmeles</i>	+	-	+	-	+

## I-кестенің жалғасы

Сұткоректілердің атаулары	Тау жоталары				
	Арганаты	Ұлытау	Ортау	Ақтау	Қызыларай
1	2	3	4	5	6
Аққіс – Mustelaerminea	-	-	-	-	+
Аққалақ – Mustelainalis	+	+	+	-	+
<i>Жұптықтылар отряды – Artiodactyla</i>					
Акбөкен (киік) – Saigatatarica	-	-	+	+	-
Елік – Capreoluspygargus	+	+	+	-	+
Аркар – Ovisammon	-	-	+	+	+
Бұлан – Alcesalces	-	-	-	-	+
Доныз (жабайы шошқа) – Susscrofa	-	-	-	-	+
Барлығы	14	12	16	17	27



1-сурет – Тау жоталарында кездесетін әртүрлі систематикалық топтардың үлесі, %


Сарыарқа өлкесінің зерттеу жұмыстары жүргізілген тау жоталарында Насекомкоректілердің 2 түрі кездеседі. Бұлар стенотопты (су жертесері) және эвритопты жануарлар болып табылады. Соңғысына кіші әкісті жертесер жатады. Колканаттылардан 3 түр есепке алынды. Бұл түрлер негізінен су көздеріне жақын орналасқан адам тұрмайтын ескі үйлер мен тасқораларда, бейіттерде, ағаш құystарында мекендейді. Сарыарқа тау жоталарының су жагалауларында, ашық аландарында, таулы-тасты жерлерінде, орман-тогайларында кеміргіштердің 19 түрі мекендейсе, коянтәрізді-

лердің 3 түрі тау бөктерлерінде, корым тастар арасында, интразоналды участеклерде, орман-тогайларда кездеседі. Жыртқыштардың 9 түрі есепке алынды. Бұлардың басым көшілігі аумақтың барлық ландшафттарында кездессе, сілеусін мен сабаншының таралу аймағы тар, неғізінен орман-тогайы мол тау жоталарындаған мекендейді. Жұптықтылардан 5 түр кездеседі. Олардың мекендейтін ортасы алуантурлі: ашық дала, орман тогайлар мен интразоналды участеклер.

Арганаты тау жоталары Сарыарқаның солтүстік батысында, Ұлытаудың солтүстігінде

орналасқан, солтүстікten оңтүстікке қарай 80 км-ге созылып жатқан тау жотасы, ені 20-25 км. Ең биік жері Донығұл шоқысы – 757 м. Тау беткейлері көлбеу, бірте-бірте аласарып, жазыққа үласады. Қараторғай, Сарыторғай, Қаракеңгір, Терісакқан өзендерінің кейбір салалары бастау алады. Батысында Қоскөл, Қамыстықөл, шығысында Баракқөл, Құркөл сиякты көлдер орналасқан, яғни түрлі жануарлардың мекендеуіне қолайлы жағдайлар біршама жеткілік-

ті. Сүткоректілерден сарышұнактар, ақ қоян, қасқыр, қарсақ, тұлкі, дала күзені (сасық күзен), борсық кездесті. Қар қалың жауған жылдары, жергілікті тұргындардың айтуынша, қасқыр көптеп (үйірде 10-ға дейін) жиналады. Зерттелген таулардағы барлық сүткоректілердің 16,3%-ы осы тауға тән (2-сурет). Орман-тогайларда құстардан құр – *Lururus tetrix*, сұр шіл – *Perdix perdix*, кентерлер – *Columba* мен саусықан – *Pica pica* және т.б. кездесті.



Ұлытау жоталары Сарыарқа өлкесінің батыс бөлігінде орналасқан. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 360 км созылып жатқан аласа таулар жүйесі. Ортапа абсолютті биіктігі 400-600 м. Ең биік жері – Ұлытау (1133 м) мен Едігे (1063 м) шоқылары. Солтүстігінде Арғанаты тауларымен жалғасады. Климаты өте континенталды, таулы аймактарда жаз айларында ауа температурасы +42°C-қа, ал қыс айларында -44°C-қа жетеді. Батысында Қараторғай, Сарыторғай, Ұлы Жыланшық, Қарғалы және т.б., ал шығысында Қаракеңгір, Жезді, Жыланды және т.б. өзендер бастауларын алады. Десе де бұл өзендерінің арналары қар суымен толғандықтан, көктемде суы мол, жазда арналары құрғап, бірте-бірте үзіліп, қарасуларға бөлініп қалады. Ұлытауда ұсақ шоқылы шөлді дала ландшафтысы басым болып келеді. Сирек болса да көктерек – *Populus tremula*, қайың – *Betula* өсінен орман шоғырлары кездеседі. Осы айтылғандар жануарлар дүниесінің таралуына әсер етуі мүмкін. Тау жоталары сүткоректілерге өте кедей (1-кесте және 2-сурет). Өйткені Ұлытау

провинциясы – жайылымдық мал шаруашылығы дамыған аудан. Осылан орай, жабайы жануарлардың мекендеу ортасы өзгеріске ұшыраған, антропогендік әсерлер күшті. Жыртқыш аңдар зерттеу жұмыстары жүргізілген жаз айларында корек қоры жеткіліксіз болғандықтан бұл аймактан кетіп қалуы да мүмкін. Мекендеу ортасын ауыстыру арқылы көптеген жануарлар өздеріне қолайлы (климат жағдайы қолайлы, корек қоры жеткілікті және т.б.) жерлерге қоныстанады. Жергілікті тұргындардың хабарлаудың жыртқыш аңдар қыс айларында да сирек кездеседі. Құстардан құр, сұр шіл, жагалтай – *Falco subbuteo*, қырғи – *Accipiter nisus*, саусықан және т.б. кездесті.

Кейбір көп кездесетін түрлерінің морфологиялық және биологиялық ерекшеліктеріне тоқталайық. Мысалы, зерттелген 7 орман қаптесерінің (3 аналық және 4 атальқ) салмағы 21-25 г (ортапа 23 г) болса, дене тұркы 90-93 мм (ортапа 92), құйрығының ұзындығы 89-92 мм (90) болды. Ересек аналықтары екінші рет көбөюге катысады. Жатыр мүйіздерінде туылған

ұрпақтарының 2-3 орны болса, шілде айында әрқайсысында 3-4-тен эмбрион болды. Асқорыту жолында (қарын мен ішекте) өсімдіктердің дәндерінің қалдықтары анықталды.

*Ortay* Сарыарқаның онтүстігіндегі, Агадыр бекетінен батысқа қарай 40 км қашықтықта орналасқан, солтүстіктен онтүстікке қарай ұзындығы 40-45 км, ені 12-15 км болатын аласа тау жоталары. Абсолютті биіктігі 1068 м. Көктем айларында таудан бастау алатын кішігірім өзендер тау беткейлерін тілімдейді. Сұткоректілерден түрлі тоқалтістер, косаяқтар, жыртқыштар мен жұптықтылардың өкілдері кездеседі, майда сұткоректілер тұракты мекендесе, жыртқыштар мен тұяқтылар жыл маусымдарында көрек қорына, мазалау факторларының азды-көпті болуына қарай коныстарын ауыстырып отырады. Зерттелген таулардагы сұткоректілердің 18,6%-ы осы тауға тән (2-сурет). Құстардан құр, бөледеңе, дала қыраны – *Aquila nipalensis*, дала құладыны – *Circus macrourus*, жағалттай, күйкентай – *Falco tinnunculus*, ақбас тырна – *Anthropoides virgo* (4 бас кездесті), орман жадырағы – *Anthus trivialis*, сары сұлықеш – *Emberiza bruniceps*, ала карға – *Corvus corone*, ақканат бозторғай – *Melanocorypha leucophaea*, сор бозторғай – *Calandrella cheleensis*, сауысқан есепке алынды. Уақытша жасанды сукоймаларында және Құрманака, Сұлуманака сияқты өзендерінде жаз айларында коныр үйрек – *Anas strepera*, отүйрек – *Tadorna ferruginea* ұялайтыны белгілі болды.

Осы тау жотасынан ауланған 8 (3 аналық және 5 атальық) орман қаптесерін зерттеу барысында аналықтарының орташа салмағы 25 г, деңе түркі – 90 мм, ал құйрығының ұзындығы 74 мм, атальқтарында тиісінше 20-23 г (орташа 21); 90-92 мм (91) және 82-87 мм (84) болатыны анықталды. Ауланған аналықтарының барлығы да екінші мәрте көбеюге қатысқан. Олардың жатыр мүйіздерінен 4-5-тен эмбрион табылды. Осы кезде атальқтарының тұқым безінің мөлшері 17x8 мм, пісіп-жетілтеп сперматозоидтарға толы болды. Барлығының қарнышан өсімдіктердің дәндерінің қалдықтары анықталды.

*Aktau* Сарыарқаның онтүстігіндегі тау жотасы. Онтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 20 км-ге созылып жатыр, ені 10 км-дей. Ең биік жері – 1133 м. Тауда бастаулар жеткілікті. Сұткоректілерден түрлі тоқалтістер, косаяқтар, тұлқі, ақбөкен кездеседі. Жергілікті түргындардың мәліметтері бойынша қыс айларында бұл тау жотасынан арқаларды кездестіруге болады, ал жаз айларында ақбөкендер тұракты түрде жайлайды. Құстардан дала

қыраны, күйкентай, дала құладыны, құр, сұр шіл, сауысқан көлтеп кездессе, Тасбұлақ бастауынан пайда болған көлде қасқалдақ – *Fulica atra*, коңыр үйрек, қызғыш – *Vaellus vanellus*, отүйрек, жалпактұмысқ үйрек – *Anas clypeata*, барылдауық үйрек – *Anas platyrhynchos*, саз құладыны – *Circus aeruginosus*, ақсары – *Buteo buteo*, қылқұрық – *Syrthraptes paradoxus*, жар қарлығашы – *Riparia riparia* және ақбас тырна кездесті. Осы тау жотасынан қәдімгі сұржылан – *Vipera berus* және секіргіш кесіртке – *Lacerta agilis* де мекендейтіні анықталды.

Бұл тау жотасынан табынды тоқалтістің 5 ересек аналығы зерттелді. Олардың салмағы 27-31 г (орташа 28,3 г), деңе ұзындығы 94-97 мм (96), құйрығының ұзындығы 39-42 мм (40,7) болды. 2 аналық биылғы жылы көбеюге 2 рет қатысып үлгерсе, біреуі алғаш рет буаз, ал қалғандары ұрпақтарын емізіп үлгерген, яғни зерттеу жұмыстары жүргізілген мезгілде барлық аналықтар көбеюге қатысқан. Табынды тоқалтістердің негізгі корегі – өсімдіктердің жасыл боліктері.

*Қызыларай* Сарыарқа өлкесінің шығысындағы тау жоталары, Қаркаралы тауынан 80-90 км онтүстікке қарай орналасқан. Батыстан шығыска 60-65 км созылып жатыр, ені 15-20 км. Абсолютті биіктігі 1550 м. Тау беткейлерін маусымдық жылғалар мен жыралар қатты тілімдеген. Ормандарында қайың, қарағай – *Pinus*, тобылғы – *Spiraeaanthus*, қараған – *Caragana*, ыргай – *Cotoneaster* еседі, яғни сұткоректілердің тіршілік етүіне үлкен жағдай жасалған. Бұл тау жоталары жануарлар дүниесіне біршама бай (2-сурет). Кеміргіштер, жыртқыштар, жұптықтылардың түрлік құрамы айтартықтай болып келеді. Құстардан ақсары, күйкентай, маубас – *Otus scops*, құр, қәдімгі түркептер – *Streptopelia turtur* кездеседі.

*Қызыларай* тауларынан аулау құралдарына түсken (табиги ортада) 5 атальық үй қаптесерлерін толық морфологиялық және биологиялық талдаудан өткіздік. Қаптесерлердің деңе салмағы 14-16 г (орташа 15 г), деңе ұзындығы 75-80 мм (76,4), ал құйрығының ұзындығы 58-62 мм (60) болды. Тұқым бездерінің орташа мөлшері 7x5 мм, сперматозидтар әлі пісіп жетілмеген. Корегі – өсімдіктердің дәндері.

Зерттеу жұмыстары жүргізілген тауларда кездесетін сұткоректілердің түрлік құрамы да түрліше. Бірақ олардың түрлік құрамында үқсастықтың бар екендігі де байқалады. Фауна құрамының үқсастығы батыстан шығысқа қарай азая береді (2-кесте).

**2-кесте – Жаккар бойынша ( $K=Cx100 / (A+B)-C$ ) Сарыарқа тауларының сүткоректілері фаунасының ұқсастық коэффициенті, %**

Тау жоталары	Арғанаты	Ұлытау	Ортау	Ақтау	Қызыларай
Арғанаты	-	44,4	30,4	19,2	17,1
Ұлытау	44,4	-	27,3	26,3	15,2
Ортау	30,4	27,3	-	57,1	29,4
Ақтау	19,2	26,1	57,1	-	23,5
Қызыларай	17,1	15,2	29,4	23,5	-

Ұқсастық коэффициенттері жоғары көрсеткіш Ортау мен Ақтау және Ұлытау мен Арғанаты тауларында мекендейтін сүткоректілер арасында байқалады. Өйткені бұл тау сілемдері бір-біріне жақын орналасқан. Ал шығыста орналасқан Қызыларай тауының сүткоректілер фаунасы мен батысқа қарай орналасқан таулардың териофаунасының ұқсастығындағы айырмашылыктар біршама айқын екендігі байқалады.

Сарыарқа тау жоталарын қарқынды түрде ігеру жануарлардың мекендейтін ортасының түбебейлі өзгеруіне алып келді. Осы және басқа да антропогендік факторлардың әсерінен жануарлардың, әсіресе сүткоректілердің, түрлік құрамы кеміп, саны азайды. Осыған орай, жоғарыда зерттелген тау жоталарында мекендейтін сүткоректілердің арасында сирек кездесетін түрлер де бар. Олардың қатарынан ақбекен, арқар, елік, бұлан, жабайы шошқа, сілеусін, сабаншы, кәдімгі соқыртышқан, кіші ақтісті жертесер, су жертесері, сүркұлак жарқанат, мұртты жарқанат, ергежейлі жарқанат, сияқты 13 түрді (зерттеу жұмыстары жүргізілген тауларда кездескен барлық сүткоректілердің ( $n=41$ ) 31,7% -ы) атауга болады [4,8 және біздің деректеріміз]. Айтылған сүткоректілердің сан мөлшері әртүрлі тау жоталарында түрліше. Мысалы, Арғанаты тау жоталарында есепке алынған 14 түрден 2 түр (14,3%) – кіші ақтісті жертесер, кәдімгі соқыртышқан өте сирек кездессе, Ұлытауда кездескен 12 түрден 4 түр (33,3%) – кіші ақтісті жертесер, мұртты жарқанат, елік, бұлан сирек кездесетін бақыланды. Ортауда есепке алынған 16 түрден 2 түр (12,5%) – ақбекен, арқар сияқты жұптықтылар, ал көршілес Ақтауда кездескен 17 түрден алдында айтылған 2 түрмен қатар, кәдімгі соқыртышқаның да (барлығы 3 түр 17,6%) сирек кездесетін анықталды. Қызыларай тау жоталарында есепке алынған 27 түрдің 9 түрінің (33,3%) сирек кездесетін бақыланды. Олар: насекомкоректілерден – су жертесері,

колқанаттылардан – сүркұлак жарқанат, ергежейлі жарқанат, жыртқыштардан – сілеусін, сабаншы, жұптықтылардан – жабайы шошқа, елік, бұлан және арқар. Сирек кездесетін түрлердің ішінде 6 түрдің (кіші ақтісті жертесер, кәдімгі соқыртышқан, мұртты жарқанат, су жертесері, сүркұлак жарқанат, ергежейлі жарқанат), біздің пікірімізше, таралуы, биологиясы мен экологиясы бұл олкеде толықтай зерттелмеген. Ал қалған 7 түрдің 5-үі тұқытылар, олар кезінде кәсіптік жолмен аулаңған, түрлі факторлардың (әсіресе антропогендік) әсерінен сан мөлшері азайған болса, қалған 2 түр әлі де болса зерттеуді қажет ететін жыртқыштар болып табылады.

### Корытынды

Зерттеу жұмыстары жүргізілген тау жоталарында жаз айларында сүткоректілердің 6 отрядына жататын 41 түрінің мекендейтіні анықталды. Бұлардың ішінде кеміргіштер отрядының түрлі тұқымдастарына бірігетін түрлері басым болды. Сүткоректілер арасында әуесқойлық және кәсіптік жолмен ауланатын түрлері де біршама. Өкінішке орай, олардың сан мөлшері мәрдымсыз. Сарыарқаның түрлі тау жоталарының териофаунасының қазіргі жағдайын анықтау бізге осы олкеде мекендейтін сүткоректілердің алуантүрлілігін жан-жақты білуге көмектеседі. Сонымен қатар, олардың түрлік құрамын бағалау, ен алдымен сол аймақтың түрғындарын жануарлар әлемімен, соның ішінде сүткоректілермен таныстыруда, білім беру мекемелерінде жергілікті фауна жайында мәліметтерге қол жеткізуде және оларды қорғау жайындағы шараларды үйімдастыруда көмектеседі. Зерттеу нәтижелерінің болашақта Сарыарқада ерекше қорғалатын табиги территорияларды үйімдастыруда және олардың гылыми-биологиялық негізdemелерін жасауда көмегі тиioi сөзсіз.

### Әдебиеттер

- 1 Млекопитающие Казахстана. – Т. I-IV. – Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1969-1984 гг.
- 2 Ержанов Н.Т. Fauna и экология млекопитающих Центрального Казахстана. – Караганда: Издательство КарГУ, 1997. – 164 с.
- 3 Ержанов Н.Т. Млекопитающие Казахского мелкосопочника (фауна, биология, экология, цитогенетика, охрана и рациональное использование). – Автореф. дис. д-ра биол. наук. – Алматы, 2000. – 47 с.
- 4 Есжанов Б.Е. Орталық Қазақстанның кейбір тау жоталарындағы сүтқоректілердің алуантурлілігі// «Биоалуантурлілікті сақтау және биоресурстарды ұтымды пайдалану» республикальқ ғылыми конференция материалдары, Алматы, 21 қазан 2016 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 49-54 б.
- 5 Новиков Г.А. Полевые исследования по экологии наземных позвоночных. – М.: Изд-во «Советская наука», 1953. – 502 с.
- 6 Лобачев В.С., Шенброт Г.И. Сравнительный анализ различных методов учета численности тушканчиков//Бюллентень Моск. о-ва испыт. природы, отд.биол.,1973. – Т.78. Вып. 2. – С.45-57.
- 7 Мазин В.Н. Новый метод обнаружения постоянных нор тушканчиков //Материалы III республиканской научно-производственной конф. по защите растений в Казахстане. – Алма-Ата,1974. – С.168-170.
- 8 Бекенов А.Б., Ержанов Н.Т., Капитонов В.И., Славченко Н.П., Бербер А.П., Исенов Х.А., Абуженова В.С. Редкие и исчезающие животные Казахского мелкосопочника. –Павлодар: Изд-во ПГУ им. С.Торайгырова, 2004. – 363 с.

### References

- 1 Mammals of Kazakhstan (1969-1984) [Mlekopitayushchiye Kazakhstana]. –T.I-IV. «Nauka», Alma-Ata, Kazakhstan (In Russian)
- 2 Erzhanov NT (1997) Fauna and ecology of mammals in Central Kazakhstan [Fauna iekologiyamlekopitayushchikhTsentralnogoKazakhstana]. KarGU, Karaganda, Kazakhstan (In Russian)
- 3 Erzhanov NT (2000) Mammals Kazakh Upland (fauna, biology, ecology, cytogenetics, protection and rational use of) the thesis of Doctor of Biological Sciences[Mlekopitayushchiye Kazakhskogo melkosopochnika (fauna, biologiya, ekologiya, tsitogenetika, okhrana i ratsionalnoye ispolzovaniye)]. Almaty, Kazakhstan (In Russian)
- 4 Eszhanov BE (2016) The diversity mammalian some mountain ranges of Central Kazakhstan [Ortalyq Qazaqstannyn keybir tau zhotalaryndagy sytgorektlerdin aluantyrlligi].»Biodiversity conservation and sustainable use of biological resources» Materials of republican scientific conference, Almaty, Kazakhstan. P 49-54. (in Kazakh)
- 5 Novikov GA. (1953)Field studies on the ecology of terrestrial vertebrates[Polevye issledovaniya po ekologii nazemnykh pozvonochnykh]. Soviet science, Moscow, Russia. (In Russian)
- 6 Lobachev VS, Shenbrot GI. (1973) Comparative analysis of different methods of taking into account the number of gerbils [Sravnitelny analiz razlichnykh metodov ucheta chislennosti tushkanchikov]. Bulletin of the Moscow Society of Naturalists department of biological. T78, R2. -P.45-57. (In Russian)
- 7 Mazin VN (1974) Novy metod obnaruzheniya postoyannykh nor tushkanchikov //Materialy III respublikanskoy nauchno-proizvodstvennoy konf. po zashchite rasteny v Kazakhstane. Almaty, Kazakhstan. P168-170. (In Russian)
- 8 Bekenov AB, Yerzhanov NT, Kapitonov VI, Slavchenko NP, Berber AP, IsenovKhA, Abukenova VS.(2004) Rare and endangered animals Kazakh Upland [RedkiyeischezayushchiyezhivotnyeKazakhskogomelkosopochnika]. PGU nam. S.Toraygyrov, Pavlodar, Kazakhstan. (In Russian)

---

<i>Bauyenova M.O., Akmukhanova N.R., Sadvakasova A.K., Zayadan B.K., Bolatkhan K., Kirbaeva D.K., Alim N.A., Kanybek G.K.</i>	
Study of the action of heavy metals (Zn, Cd, Pb, Cu) on the growth and development of <i>E. sanadensis</i> in model experiments..	116
<i>Bekkozhaeva D.K., Mamilov N.Sh., Kozhabaeva E.B.</i>	
Distribution of the Stone Morocco Pseudorasbora parva (Temmincket Schlegel, 1846) in waters of the Syrdarya basin with description of population from the Karashyk River .....	124
<i>Bigaliev A.B., Bayseitova N.M., Chauchecov T.Ch., Kozhakhmetova A.N., Dzhienbekov A.K.</i>	
Effect of heavy metal compounds on the plants development as biologically active substances .....	134
<i>Mamilov N.Sh., Kozhabaeva E.B., Adilbaev Zh.A., Mazhibaeva Zh.O.</i>	
Morphological and biological variability of young asp fishes <i>Aspius aspius</i> (Linnaeus, 1758) in the Syrdarya River .....	140
<i>Salmurzauly R., Nurtazin S.T., Iklasov M.K., Baybagysov A.M., Konyshaev T.G., Uderbaev T.M., Sharahmetov S.E. Muhittdinov A.M.</i>	
Current state and the reasons for the transformation of aquatic ecosystems of the Ile river delta .....	150
<i>Sutuyeva L.R., Shalakhmetova T.M., Suvorova M.A.</i>	
Detoxification and antioxidant function of liver of the marsh frog ( <i>Ranaridibunda</i> ) intoxicated with oil from Kenkiyak oilfield.....	160
<i>Shulembayeva K.K., Tokubayeva A.A., Chunetova J.J., Dauletbaeva S.B., Kalioldanova T.B., Akysh S.K.</i>	
Obtaining sustainable raw forms for wheat breeding .....	168

### Section 3 Actual problems of biodiversity conservation

<i>Eschanov B.E., Tyntybekov B.M., Baymurzayev N.B., Sharakhmetov S.E.</i>	
The diversity of mammals and their distribution in some mountains of Kazakh Upland .....	180
<i>Ivashchenko A., Alybaeva A., Niyazova R., Faye B.</i>	
microRNAs – endogenous regulators of expression of genes participating in the formation of the animals productivity .....	190
<i>Pavlichenko L.M., Yespolayeva A.R., Iztayeva A.M., Aktymbayeva A.S.</i>	
Generalized evaluation of oil and gas pollution in Mangystau region .....	198
<i>Sultanova B.M., Dimeyeva L.A., Ussen K., Ablaikhanov E.T.</i>	
Rare plant communities of the southern range of Zhetysu Alatau montains .....	208
<i>Khamdiyeva O.Kh., Biyasheva Z.M., Zaripova Yu.A., Nurmukhanbetova A.A., Makarov V.A.</i>	
Associated risks of lung cancer with radon emanation.....	218